

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 658 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 21-1-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің мынадай бұйрықтарының күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н :

1) «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 581 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10177 б о л ы п т і р к е л г е н) ;

2) «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 581 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 12 маусымдағы № 358 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11717 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 4 тамызда жарияланған).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кадр қызметі департаменті (Г.А. Омарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ж і б е р і л у і н ;

2) осы бұйрықтың «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов